

«6D020100 –Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Рақимжанова Саяна Кадырқызының «Дәстүр – философиялық мәселе» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ақпараттық технологияның қарқынды даму заманында, замана сынына сүрінбей өткен, ұлттық болмыстың діні болып отырған озық дәстүрлерімізді философиялық тұрғыдан зерттеу және дәстүрге жаңаша көзбен қарау, қоғам үшін маңызды үрдіс. Зерттеу тақырыбының өзектілігін бірнеше мәселелермен айқындалады.

Біріншіден, ұрпақ өмірінде өткенді ескеру мен игеру әрқашан маңызды деп қарастырған. Өткен өмірі – өнеге, ал бұл өнеге дәстүр формасында сақталатындығын өмірдің заңдылығы.

Екіншіден, Қазақ мемлекеті Мәңгілік Елге айналудың алғашқы қадамын ұлттық құндылық ретіндегі дәстүрді қастерлеумен байланыстырған. Өз ұлтының құндылығына селқостық танытқан елдің болашағыр бұлыңғыр болмағы анық.

Үшіншіден, жаһандану дәуірінде біздің қоғамымыз өте күрделі өзгерістерді бастан өткізуде, жаңашылдыққа ұмтылуда дәстүрге ескілік ретінде қару, ұлттық болмысымызды жоғалтуға апаруы мүмкін, қауіпті үрдіс ретінде саралаған. Ұлттық құндылықтарға енжар қарау орны толмас қайғыға соқтырмақ.

Төртіншіден, дәстүрді философиялық тұрғыдан зерттеу оның мәнін, сипатын және мазмұнын түсіндіру болып, ол негізгі мен қосымшаны, бағалы мен нашарды, анық пен күңгіртті, қажетті мен қажетсізді ажыратуға негіз болатындығын айқындаған. Өткен тарихымыздағы озық дәстүр үлгілерін анықтау бүгінгі рухани жаңғыру жолындағы еліміз үшін өте маңызды. Қоғамның бағалы дәстүрлерден жаңылмауына қол жеткізу үшін, дәстүрдің мән-мағынасын ашатын философиялық зерттеулер тәуелсіздігімізді нығайту жолында аса қажет.

Бесіншіден, тарихтың рухани арқауы деуге болатын дәстүрдің алуан мазмұны ішінен өміршендікке серпін беретін, өмір сүруге пайдалы, сананы ашатын, ұрпақты ата-бабасымен сабақтастыратын, мемлекетті біріктіретін дәстүрлердің ғана болашағы жарқын екендігін зерттеу тақырыбының өзектілігінің ерекше дәлелі ретінде қарастырған.

Алтыншыдан, диссертация жұмысының тақырыбы «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында айтылатын міндеттермен байланысты.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері. Зерттеу мақсатына сәйкес міндеттер шешімін табу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші ғылыми нәтижеде отандық философия ғылымында дәстүр философиялық мәселе ретінде алғашқы рет зерттеу нысанына алынған.

Екінші ғылыми нәтижеде философия тарихындағы ойшылдардың дәстүр туралы ойларын саралай отырып, дәстүрді инновациямен сабақтастыру сынағы жасалды. Мұнда ескішілдік пен жаңашылдық бір-біріне қарсы ұғымдар емес, керсінше өзара байланысты, бірн-бірі толықтыратын, тең маңызға ие құбылыс деген ғылыми тұжырым жасалынған.

Үшінші ғылыми нәтижеде ұлттық дәстүрдің қалыптасу негізін анықтауда халқымыздың өткенін, бүгінін зерттей отырып, дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы, адамның өмір сүру қажеттілігімен байланысты екендігі анықтаған.

Төртінші ғылыми нәтижеде дәстүрдің ұрпақтан ұрпаққа көшу барысындағы құндылық пен сабақтастықтың рөлі қарастырылып, сабақтастық ұлттық дәстүрді байланыстырушы, жалғастырушы дәнекер ретінде айқындаған.

Бесінші ғылыми нәтижеде ұлттың ұлт болып ұйысу үшін дәстүрдің философиялық мәні ашылып, оның адамзат өміріндегі орны талданып, ізгілік дәстүрдің ішкі мәні ретінде айшықталған.

Алтыншы ғылыми нәтижеде ұлттық дәстүрлерді саралау барысында, дәстүр адам және оның игілігі үшін қызмет ететін құндылық деп танылып, игілік дәстүрдің көріну формасы ретінде анықталған.

Жетінші ғылыми нәтижеде дәстүрдің негізінде құндылық тәрбиесін субстанция дей отырып, құндылық дәстүрдің бағалау формасы ретінде зерделенген.

Сегізінші ғылыми нәтижеде қазіргі таңдағы ескілік пен жаңашылдық ұғымдарының ұрпақ болмысындағы рөлін анықтай отырып, кезектегі кейбір рухани адасушылықтың, жатсынудың себебі мен салдары сараланған.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже архаикалық дәстүрлерден бас тартып, ұлт дамуының дінгегіне айналған озық дәстүрлерімізді дәріптеу жаһандық заман талабынан туған сұраныс деп анықтаған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қортындыларын негізделуі және шынайылық нәтижесі.

Бірінші ғылыми нәтиже нақты және анық. Отандық философия ғылымының аясында дәстүр алғашқы рет зерттеу нысанына алынып отыр.

Екінші ғылыми нәтиже нақты әрі дәлелденген. Философия тарихындағы ойшылдардың дүниетанымына аналитикалық шолу жасау арқылы, әрбір ойшылдың дүниетанымындағы дәстүр мәселесін саралай отырып, философиялық талдау жасалынған.

Нақтылап көрсетсек, Конфуций, Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, Ф. Бэкон, Т. Гоббс, Дж. Локк, Г.В.Ф. Гегель, Л. Фейербах, М. Вебер,

Э.Б. Тайлор, Р. Генон, К. Поппер және т.б. ойшылдардың еңбектеріндегі дәстүр жайлы айтылған ойларды тереңірек пайымдап, ой қорытқан.

Үшінші нәтиже нақты және дәлелденген. Дәстүрдің қалыптасу тарихында бабаларымыздың өткен өмірін зерттей отырып, нақты дәлелдермен баяндаған.

Төртінші нәтиже нақты әрі негізделген. Дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа трансформациялау тәсілі – сабақтастық екендігі айшықталды.

Бесінші нәтиже нақты және жаңа шынайлығы жоғарғы дәрежеде болып табылады. Озық дәстүрлерінің бойындағы ізгілік қасиеттерін тану оларды ұрпақтың түсінуі мен қабылдауы, Қазақ елінің болашағына дұрыс жол көрсетеудің негізі екендігі дәлелденген.

Алтыншы нәтиже нақты, түбірлі жаңа. Дәстүрдің дүниеде көріну формасы игілік деп тани отырып, дәстүрлі құндылықтарымыздың ел өміріндегі игілікті істердің бастауы екендігі зерделенді.

Жетінші анық және дәлелденген. Дәстүрді бағалау формасы құндылық ретінде қарастырыла отырып, дәстүрдің құндылықтық мазмұнын анықтауда адамның ішкі әлемі және әлеуметтік болмысын көрсететін ұлттық, тәрбиелік құндылықтар бар екендігі сараланған.

Сегізінші нақты әрі дәлелденген. Жаһандану қоғамында Қазақстанның өркениетті елдер қатарында дамуын қамтамасыз етуде, тек оның ғылыми-техникалық, экономикалық, ақпараттық сияқты салаларын ілгері дамытумен ғана емес, сондай-ақ, рухани мәдениетті, дәстүрімізді зерделеп тану қажет екендігін анықтаған.

Тоғызыншы анық және дәлелденген. Дәстүрді инновациямен сабақтастыруда ұрпақ ұлттық дәстүрлерге ескілік ретінде қарамай, керісінше, ұлттың санасынан өшпей, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерімізді жаңғыру көзіне айналдыра білуі қажет екендігі тұжырымдалады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиже (қағида) мен тұжырымның жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, «дәстүр» мәселесіне философиялық талдау жасалған, диссертанттың зерттеу жұмысы отандық философия ғылымының аясында жасалынған алғашқы игілікті де, жауапты істің бастамасы деуге болады.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа, дәстүрді жаңашылдықпен байланыстырғанда оларды бір-біріне қарсы қою арқылы емес, керісінше бірлігін мойындау, байланыстыру және өзара ықпалдастыру арқылы анықтау қажет екендігі айқындалған.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы, адамның өмір сүру қажеттілігімен байланысты екендігі анықталған.

Төртінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа, дәстүрлер сабақтастығы арқылы өткен мен болашақ арасында бірлік сақталады, жаңашылдыққа да серпін беретіндігі дәлелденген.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа, дәстүрдің философиялық болмысын анықтауда, ізгілік дәстүрдің ішкі мәні, ретінде зерделенген.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа, қазақ халқының дәстүрлері адам игілігі үшін қызмет атқаратындығы, дәстүрдің дүниеде көріну формасы игілік деп дәйектелген.

Жетінші ғылыми нәтиже жаңа, дәстүрдің маңызын анықтайтын бағалау формасы – құндылық ретінде анықтаған.

Сегізінші ғылыми нәтиже жаңа, жаһандану қоғамындағы кезектегі кейбір рухани адасушылықтың, жатсынудың себебі мен салдары саралаған.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа, ұлт дамуының дінгегіне айналған озық дәстүрлерімізді дәріптеу жаһандық заман талабынан туған сұраныс ретінде анықтаған.

Изденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже тиісті жаңашылдық деңгейде, себебі, диссертант дәстүр ұғымына философиялық талдау жасап өзінің тың ойларымен тұжырымдарын ұсынған.

4. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру орталықтарына нұсқаулық бола алады және қазақ халқының дәстүрлік мәдениетін зерттеу бойынша ғылыми-ізденіс жұмыстар барысында пайдалы. Сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарында арнайы курстарды оқытуда қолданылу мүмкіндігі бар. Зерттеу жұмысында келтірілген философиялық пайымдаулардың қазіргі қоғамда жастарды руханилыққа тәрбилеуде маңызы айрықша.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қортындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша жалпы саны 9 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде ҚР БЖҒМ ғылым мен білім беру саласын бақылау жөніндегі комитет ұсынған журналда - 3 және «Адам әлемі», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы» журналдарында; Scopus базасына кіретін «European Journal of Science and Theology» румын журналында-1 мақала; Қазақстанда өткен ғылыми конференциялар жинағында 2 мақала; шетелде өткен ғылыми конференцияларда 3 мақала (оның ішінде екеуі Украина және Ресей елдерінде) басылып шыққан.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Рахимжанова Саяна Кадырқызының «Дәстүр-философиялық мәселе» атты диссертациялық жұмысы кәсіби деңгейде жазылған деп есептеймін.

Дегенмен, диссертациялық зерттеу жұмысында аздаған кемшілік кездеседі. Мәтінде ұзақ құрмалас сөйлемдер ойды толық түсінуде бірқатар кедергілер тудырады.

Алайда, жоғарыда аталған кемшілік зерттеу жұмысының қойған мақсатқа жетуге кедергі келтірмеді. Бұл кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант талдау барысында бірқатар нәтижеге қол жеткізе білген. Жұмыс толық аяқталған және өзінің көздеген мақсатына жеткен.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Рахимжанова Саяна Кадырқызының «6D020100 - Философия» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Дәстүр–философиялық мәселе» атты диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған, философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын- пікір беруші:

Философия ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасының
орынбасары



Жазықбаев Дархан Медеғалиұлы

